

## Жол жүрісі қауіпсіздігі туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 15 шілдедегі N 29 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 17 сәуірдегі № 194-V Заңымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР 17.04.2014 № 194-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

### МАЗМҰНЫ

Ескерту. Мәтінде "тарау" деген сөздің алдындағы "I - IV" деген цифрлар тиісінше "1 - 4" деген цифрлармен ауыстырылды - Қазақстан Республикасының 2004.12.20 № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

Осы Заң жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік басқару жүйесін ұйымдастырудың негізгі принциптерін белгілеп, қоғамдық қатынастарды реттейді.

## 1 тарау

### Жалпы ережелер

#### 1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) автомагистраль бір-бірінен бөліп тұратын жолақпен, ал ол болмаған жағдайда, жол қоршауымен бөлінген, жүрістің әрбір бағыты үшін жүру бөліктері бар, басқа жолдарды, теміржолдарды немесе трамвай жолдарын, жаяу немесе велосипедпен жүретін жолдарды бір деңгейде кесіп өтпейтін жол;

2) жол - мемлекеттік есепке алуға жататын және көлік құралдарының жүруіне арналған инженерлік құрылыс кешені болып табылатын жалпы пайдаланудағы автомобиль жолы, шаруашылық автомобиль жолы, елді мекен көшесі. Жол бір немесе бірнеше жүріс бөлігін, сондай-ақ трамвай жолдарын, тротуарларды, жол жиектерін және бөлу жолақтары болған жағдайда - соларды қамтиды;

3) жол жүрісі - адамдар мен жүктердің жолдармен көлік құралдарын пайдаланып не оларсыз (жүргіншілер) жүрісі кезінде, сондай-ақ осы жүріс ережелерін реттеу процесінде туындайтын қоғамдық қатынастар жиынтығы;

4) жол жүрісі қауіпсіздігі – жол-көлік оқиғалары мен олардың зардаптарынан жол жүрісіне қатысушылар мен мемлекеттің қорғалу дәрежесін көрсететін жол жүрісінің ж а й - к ү й і ;

5) жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету – жол-көлік оқиғаларының

туындауын болғызбауға, олардың зардаптарының ауырлығын азайтуға  
б а ғ ы т т а л ғ а н қ ы з м е т ;

6) жол жүрісіне қатысушы – жүргізуші, жүргінші, көлік құралының жолаушысы, мал айдаушы ретінде жүріс процесіне тікелей қатысатын адам;

7) жол жүрісін реттеудің техникалық құралдары – жол белгілері, жол таңбалары, бағдаршамдар (олардың жұмыс бағдарламасын айқындайтын жабдықтарды қоса алғанда), темір жол өткелдеріндегі реттегіш құрылғылар, сондай-ақ жол қоршаулары мен бағыттаушы құрылғылар;

8) жол жүрісін ұйымдастыру – жолдардағы жүрісті басқару жөніндегі ұйымдық-техникалық іс-шаралар мен өкіммен жүргізілетін іс-қимылдар кешені;

9) жол-көлік оқиғасы – көлік құралының жол бойында жүрісі процесінде және оның қатысуымен туындаған, адамдар қаза тапқан немесе жарақаттанған, көлік құралдары, ғимараттар, жүк бүлінген не өзге де материалдық залал к е л т і р г е н о қ и ғ а ;

10) көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті орган – автомобиль көлігі саласындағы басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шекте салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық а т қ а р у ш ы о р г а н ;

10-1) көлік құралдарын және олардың тіркемелерін мемлекеттік тіркеудің бірыңғай ақпараттық жүйесі – көлік құралдарының және олардың тіркемелерінің иелері, көлік құралының сәйкестендіру нөмірі міндетті түрде қамтылған көлік құралдары және олардың тіркемелері туралы, сондай-ақ көлік құралдарын тіркеу туралы берілген куәліктер, мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілері туралы мәліметтерді орталықтандырылған есепке алуды қамтамасыз ететін мемлекеттік а қ п а р а т т ы қ ж ү й е ;

11) көлік құралы - адамдарды, жүкті немесе үстіне орнатылған жабдықтарды жолдармен тасымалдауға арналған қондырғы;

11-1) көлік құралының сәйкестендіру нөмірі – көлік құралдарын және олардың тіркемелерін мемлекеттік тіркеудің бірыңғай ақпараттық жүйесінде көлік құралын сәйкестендіруді жүргізуге мүмкіндік беретін, көлік құралын шығарушы берген, тізбектелген әріптік-цифрлық белгілер түрінде көрсетілген көлік құралының жеке сериялық нөмірі;

12) қызмет өңірі – тіркелген механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін бөлу принципі бойынша көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті орган айқындаған аумақ;

13) мемлекеттік техникалық байқау – тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдердің, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерінің, өздігінен жүретін ауыл шаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс

машиналары мен механизмдерінің, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналардың техникалық жай-күйінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігін диагностикалаудың мерзімді процесі; **(2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі)**

14) механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті техникалық байқаудың бірыңғай ақпараттық жүйесі – механикалық көлік құралдарының және олардың тіркемелерінің иелері, механикалық көлік құралдары және олардың тіркемелері, міндетті техникалық байқауды өткізудің нәтижелері, берілген міндетті техникалық байқаудан өткені туралы куәліктер мен халықаралық техникалық байқау сертификаттары туралы мәліметтерді қамтитын электрондық деректер базасы;

15) механикалық көлік құралы - мопедтен басқа, қозғалтқыш арқылы жүретін көлік құралы. Бұл ұғым тракторлар мен өздігінен жүретін машиналарға да қолданылады;

16) міндетті техникалық байқау – механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерінің техникалық жай-күйінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігін диагностикалаудың мерзімді процесі;

17) міндетті техникалық байқаудан өткені туралы куәлік – қатаң есептілік бланкісі болып табылатын және міндетті техникалық байқаудан өту фактісін растайтын, оның нәтижелері бойынша механикалық көлік құралдарының және олардың тіркемелерінің техникалық жай-күйінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігі белгіленген құжат;

18) техникалық байқаудың диагностикалық картасы – механикалық көлік құралының және оның тіркемелерінің техникалық жай-күйі параметрлерінің тізбесі бар, иесі мен механикалық көлік құралы және оның тіркемелері туралы және міндетті техникалық байқау нәтижелері туралы мәліметтерді қамтитын құжат;

19) техникалық байқаудың стационарлық желісі – міндетті техникалық байқаудан өткізу үшін көлік құралдарын техникалық диагностикалау құралдарымен жарақтандырылған, ғимаратта немесе құрылыста орналасқан кешен;

20) техникалық байқаудың ұтқыр желісі – көлік құралдарын міндетті техникалық байқаудан өткізуге арналған техникалық диагностикалау құралдарымен жарақтандырылған, арнайы көлік құралынан тұратын жылжымалы кешен;

20-1) техникалық байқау операторы – міндетті техникалық байқаудан өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын және техникалық байқау операторларының тізіліміне енгізілген дара кәсіпкер немесе заңды тұлға;

21) техникалық байқау орталығы – механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерінің техникалық жай-күйін диагностикалау жұмыстарын орындауға арналған, осы мақсаттар үшін стационарлық және (немесе) ұтқыр техникалық байқау желісі бар кешен;

22) техникалық байқау операторларының тізілімі – техникалық байқау операторларының бірыңғай тізбесі, оны жүргізуді көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады;

23) тіркеме қозғалтқышпен жабдықталмаған және механикалық көлік құралының құрамында жүруге арналған көлік құралы. Бұл ұғым жартылай тіркемелер мен ұзартылмалы тіркемелерге де қолданылады;

24) халықаралық техникалық байқау сертификаты – қатаң есептіліктегі бланк болып табылатын және халықаралық автомобиль қатынасында пайдаланылатын, салмағы 3,5 тоннадан асатын механикалық көлік құралының және оның тіркемелерінің міндетті техникалық байқаудан өту фактісін және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжат.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.01.24 № 399-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен, өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.04.27 № 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 08.01.2013 № 64-V (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

## **2-бап. Қазақстан Республикасының жол жүрісі қауіпсіздігі туралы заңдары**

Қазақстан Республикасының жол жүрісі қауіпсіздігі туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

## **3-бап. Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі принциптері**

Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі принциптері мыналар болады:

- жол жүрісіне қатысушы азаматтардың өмірі мен денсаулығының шаруашылық қызметтің экономикалық нәтижелерінен басымдығы;

- жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуде мемлекет жауапкершілігінің жол жүрісіне қатысушы азаматтардың жауапкершілігінен басымдығы;

- жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету кезінде азаматтар мен мемлекет мүдделерінің сақталуы;

- жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жүйелі көзқарас.

Ескерту. 3-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

#### **4-бап. Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі**

Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі мемлекеттік саясатты іске асыру құралы болып табылады және ол жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы қатынастарды айқындайтын құқықтық нормаларды, орталық және жергілікті атқарушы органдардың, меншік нысанына қарамастан, заңды тұлғалардың, жол жүрісіне қатысушылардың, жол жүрісі қауіпсіздігін және жол-көлік оқиғаларының зардаптарын жоюды қамтамасыз ететін құралдар мен шаралардың жиынтығын қамтиды.

## **2 тарау**

### **Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік басқару жүйесі**

#### **5-бап. Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі бағыттары**

Жол жүрісі қауіпсіздігі мыналар арқылы қамтамасыз етіледі:

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің, орталық және жергілікті атқарушы органдарының жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы өкілеттігі мен жауапкершілігін белгілеу;
- жол-көлік оқиғаларының алдын алу және олардың зардаптарының ауырлығын азайту мақсатымен орталық және жергілікті атқарушы органдардың, заңды және жеке тұлғалардың қызметін үйлестіру;
- автомобиль, қалалық жерүсті рельстік көлікте және жол шаруашылығында жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметті реттеу;
- жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді белгіленген тәртіппен әзірлеу және бекіту;
- жол жүрісін ұйымдастыру;
- жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды бағдарламалық-мақсатты жоспарлау;
- жол жүрісі қауіпсіздігі жөніндегі шараларды ғылыми, материалдық-техникалық және қаржы жағынан қамтамасыз ету;
- көлік құралдарының жүргізушілерді даярлауды ұйымдастыру және азаматтарға жүріс қауіпсіздігінің ережелері мен талаптарын оқытып-үйрету;
- жол жүрісі қауіпсіздігін медициналық жағынан қамтамасыз ету жөнінде шаралар кешенін жүргізу;
- жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында техникалық реттеу;
- көлікте сақтандыру саласында әлеуметтік бағдарланған саясат жүргізу;
- жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында заңдардың, өзге де нормативтік актілердің, ережелер мен стандарттардың орындалуын мемлекеттік

қ а д а ғ а л а у

м е н

б а қ ы л а у .

Ескерту. 5-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.12.20. № 13 (01.01.2005 бастап күшіне енеді), 2006.12.29. № 209, 2007.01.12. № 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**6-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы құзыреті**

Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыретіне мыналар жатады:

- Қазақстан Республикасы аумағында жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында бірыңғай мемлекеттік саясат әзірлеу және жүргізу;
- техникалық регламенттерді бекіту;
- орталық және жергілікті атқарушы органдардың жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі қызметіне басшылық ету, олардың Заңдарды, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін орындауына бақылау жасау;
- жол жүрісі қауіпсіздігі жөніндегі орталық атқарушы органды белгілеу және ол туралы Ережені бекіту;
- ережелердің, стандарттар мен басқа да нормативтік актілердің бірыңғай жүйесін белгілеу;
- жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;
- механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті техникалық байқауды ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту;
- механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті техникалық байқаудан өткізудің кезеңділігін бекіту;
- техникалық байқаудың диагностикалық картасының нысанын бекіту;
- Қазақстан Республикасының аумағында автомобиль жолдарын, жол ғимараттарын пайдалану ережесін және оларды қорғау тәртібін бекіту;
- көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау қағидаларын бекіту;
- көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу тәртібін айқындау;
- өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындау;

Ескерту. 6-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.12.20 № 13 (2005.01.01 бастап күшіне енеді), 2006.12.29 № 209, 2008.07.04 № 55-IV (қолданысқа енгізілу

тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.01.10 № 383-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.01.24 № 399-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 08.01.2013 № 64-V (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **7-бап. Жол жүрісі қауіпсіздігі жөніндегі орталық атқарушы органның құзыреті**

Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Жол жүрісі қауіпсіздігі жөніндегі орталық атқарушы органның құзыретіне  
м ы н а л а р ж а т а д ы :

- жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында мемлекеттік саясатты  
і с к е а с ы р у ;

- көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау қағидаларын әзірлеу;  
- алдын алу шараларын жүргізу және халыққа жол жүрісі қауіпсіздігінің  
ережелері мен талаптарын оқытып үйрету тәртібін белгілеу;

- жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мемлекеттік бақылауды  
ұйымдастыру және жүзеге асыру;

- Қазақстан Республикасының жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету  
саласындағы халықаралық шарттарын жасасуға қатысу;

- жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметті үйлестіру;

- жолдарды жобалау, салу, жөндеу, күтіп ұстау және басқару кезінде  
тапсырыс беруші ұсынған нормативтік, жобалық және техникалық құжаттаманы  
к е л і с у ;

- автомобиль жолдарын, жол құрылыстарын, теміржол өтпелерін, қалалық  
рельстік көлік желілерін пайдалануға қабылдау жөніндегі комиссиялардың  
ж ұ м ы с ы н а қ а т ы с у ;

- техникалық регламенттерді әзірлеу;

- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісім бойынша, Қазақстан  
Республикасының салық заңнамасында көзделген міндеттерді банктердің және  
банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың  
орындауы үшін оларға көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша  
деректерді ұсыну тәртібін айқындау және ұсыну;

- осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан  
Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

Ескерту. 7-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.12.20 № 13 (2005.01.01 бастап

күшіне енеді), 2006.01.10 № 116 (2006.01.01 бастап күшіне енеді), 2006.12.29 № 209, 2007.01.12 № 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2008.07.04 № 55-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.07.15 № 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 08.01.2013 № 64-V (01.07.2013 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.01.2014 N 159-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **7-1-бап. Көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті органның құзыреті**

Көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті органның құзыретіне:

1) халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарында ж о л қ ы з м е т і н б а с қ а р у ;

2) халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарында жол жүрісін реттеудің техникалық құралдарын салу, реконструкциялау, жөндеу, енгізу және күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстардың орындалуын қамтамасыз ету;

3) техникалық байқау операторларының механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық байқаудан өткізу тәртібін сақтауына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

4) міндетті техникалық байқаудан өткені туралы куәлік бланкілерінің нысандарын әзірлеу және бекіту;

5) техникалық байқау операторларының тізілімін жүргізу;

6) алып тасталды - ҚР 13.06.2013 № 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бюджет кірісіне түсетін, бланк өнімін өткізу қызметін көрсету төлемінің төленгенін растайтын құжаттар ұсынылғаннан кейін жүзеге асырылатын, механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерінің міндетті техникалық байқаудан өткені туралы куәліктердің бланкілерін техникалық байқау операторларына беру;

8) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлеу және б е к і т у ;

9) алып тасталды - ҚР 13.06.2013 № 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.



10) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру кіреді.

Ескерту. 7-1-баппен толықтырылды - ҚР 2006.01.10 № 116 (2006.01.01 бастап күшіне енеді) Заңымен, жана редакцияда - ҚР 2011.01.24 № 399-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.04.27 № 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 13.06.2013 № 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**8-бап. Облыстық (республикалық маңызы бар қала, астана) және аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) өкілді және атқарушы органдардың жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету**

**саласындағы құзыреті**

1. Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында облыстық (республикалық маңызы бар қала, астана) және аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) өкілді органдардың қарауына мыналар жатады:

- облыстық (республикалық маңызы бар қала, астана) және аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) атқарушы органдар басшыларының жол жүрісі қауіпсіздігі мәселелері жөніндегі есептерін қарау;

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру .

2. Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы облыстық (республикалық маңызы бар қала, астана) және аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) атқарушы органдардың қарауына мыналар жатады:

- халықаралық техникалық байқау сертификаттарын беру;

- тиісті аумақта жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

- жол жүрісі қауіпсіздігі жөніндегі орталық атқарушы орган шешімдерінің орындалуын ұйымдастыру және бақылау;

- жол жүрісі қауіпсіздігін медициналық жағынан қамтамасыз ету жөніндегі шаралар кешенін ұйымдастыру және жүргізу;

- облыстық және аудандық маңызы бар жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдарында, елді мекендердің көшелерінде жол жүрісін реттеудің техникалық құралдарын салу, қайта жаңарту, жөндеу, енгізу және күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстардың орындалуын қамтамасыз ету;

- аудандардың (қалалардың) автомобиль жолдарында, қалалардың, аудандардың (қалалардың) елді мекендерінің жол тораптарында салу, қайта

жаңарту, жөндеу, оларда жол жүрісін реттеудің техникалық құралдарын енгізу және күтіп ұстау, оларды күтіп ұстау, күзету және жолдарда қызмет көрсету объектілерін жайғастыру жөніндегі жұмыстарды орындау кезінде жұмыстың барлық түрлерінің орындалуын қамтамасыз ету және бақылау;

- облыстық және аудандық маңызы бар жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдарындағы, елді мекендердің көшелеріндегі жол қызметін басқару;

- жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді  
ж ү з е г е а с ы р у .

Ескерту. 8-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.12.20 № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2006.01.10 № 116 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 13.06.2013 № 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

## 9 - б а п .

Ескерту. 9-бап алынып тасталды - Қазақстан Республикасының 2007.01.12. № 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

## 10-бап. Жол жүрісі қауіпсіздігінің жай-күйі көрсеткіштерін есепке алудың мемлекеттік ж ү й е с і

1. Қазақстан Республикасының аумағында апаттардың, жол-көлік жарақаттарының көрсеткіштерін, көлік құралдарының, жүргізушілер санын, жол жүрісі саласындағы құқық бұзушылықтардың, жолдардың көлік-пайдалану көрсеткіштерін, сондай-ақ жол жүрісі қауіпсіздігі мен оны қамтамасыз ету жөніндегі қызметтің жай-күйін көрсететін басқа да көрсеткіштерді есепке алудың бірыңғай мемлекеттік жүйесі жүзеге асырылады.

2. (Алынып тасталды - Қазақстан Республикасының 2008.07.04 № 55-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен).

3. Орталық және жергілікті атқарушы органдар есептілік жүйесіне кіретін мәліметтерді белгіленген тәртіппен сұратып алуға құқылы.

Ескерту. 10-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20 № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2008.07.04 № 55-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

## 11-бап. Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағдарламалары

Ескерту. 11-бап алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

### 3 тарау

#### Жол жүрісін ұйымдастыру және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі негізгі талаптар

##### 12-бап. Қазақстан Республикасы аумағындағы жол жүрісінің тәртібі

1. Қазақстан Республикасы аумағындағы жол жүрісінің *тәртібі*, жол жүрісіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттері, жол жүрісін реттеудің техникалық және басқа да құралдарының мақсаты мен қолданылуы Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Жол жүрісі ережелерімен, Автомобиль жолдарын, жол құрылыстарын пайдалану ережелерімен және оларды Қазақстан Республикасы аумағында қорғау тәртібімен белгіленеді.

2. Қазақстан Республикасы аумағында көлік құралдарының оң жақпен жүруі белгіленген.

##### 13-бап. Көлік құралдарын пайдалануға байланысты қызметті жүзеге асыру кезінде жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі негізгі талаптар

1. Көлік құралдарын пайдалануға байланысты қызметті жүзеге асыратын  
з а ң д ы т ұ л ғ а л а р :

- жол жүрісі процесінде қауіпсіздікті қамтамасыз ететін талаптарға сәйкес жүргізушілердің жұмысын ұйымдастыруға;
- жүргізушілер еңбегі мен демалысының белгіленген режимін сақтауға;
- жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ететін автомобиль және қалалық жерүсті рельстік көлік жүргізушілері мен басқа да қызметкерлерінің біліктілігін арттыру үшін жағдай жасауға;
- жол-көлік оқиғаларының және жол қозғалысы ережелерін бұзудың себептеріне талдау жасап, оларды жоюға;
- көлік құралдарының техникалық жай-күйін және оның дұрыс жағдайда пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етуге;
- жүргізушілерді сапарға шығар алдында және мезгіл-мезгіл медициналық байқаудан өткізіп тұруды қамтамасыз етуге;
- жүргізушілердің жол-көлік оқиғаларында зардап шеккендерге дәрігер келгенге дейінгі көмек көрсету дағдыларын жетілдіру жөніндегі шараларды ұйымдастыруға міндетті.

2. Автомобиль көлігімен және қалалық жерүсті рельстік көлікпен тасымалдау қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғалар арнайы қағидалар белгілей алады және жүктердің түрін, оларды тасымалдау ерекшеліктерін ескере отырып және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектерде жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін көлік құралдарының жүргізушілеріне қосымша талаптар қоя алады.

Ескерту. 13-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 04.07.2013 № 132-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

#### **14-бап. Жол жүрісіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттері**

1. Азаматтардың жолдармен жүрудің қауіпсіздік жағдайлары құқықтарына мемлекет кепілдік береді және ол құқықтар Қазақстан Республикасының жол жүрісі қауіпсіздігі туралы заңдарының, Республика бекіткен халықаралық шарттардың орындалуы арқылы қамтамасыз етіледі.

2. Жол жүрісіне қатысушылардың өз құқықтарын іске асыруы жол жүрісіне басқа қатысушылардың құқықтарын шектемеуге немесе бұзбауға тиіс.

3. Жол жүрісіне қатысушылардың:

- заңдармен белгіленген ережелер мен рәсімдерге сәйкес және солардың негізінде жолмен еркін, кедергісіз жүруге;

- лауазымды адамдардан және жол жүрісін қадағалауды жүзеге асырушы мемлекеттік органнан жолмен жүруге тыйым салыну немесе шектелу себептері туралы түсініктеме алуға;

- қозғалыстың қауіпсіз жағдайлары, жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты өнімдер мен көрсетілетін қызметтер сапасы туралы, қызметі жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты лауазымды адамдардың құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі туралы толық және анық ақпарат алуға;

- қызметі жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты ұйымдар мен лауазымды адамдардан жол-көлік оқиғасы кезінде медициналық көмектің, құтқару жұмыстарының кепілді көлемі мен басқа да қажетті көмекті тегін алуға;

- жол-көлік оқиғасы салдарынан өздеріне дене жарақаттары келтірілген жағдайларда, сондай-ақ көлік құралы мен (немесе) жүк бүлінген жағдайларда заңдарда белгіленген тәртіп бойынша залалды өтеттіруге;

- жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы өкілеттігін жүзеге асырушы лауазымды адамдардың заңсыз іс-әрекеттеріне Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіп бойынша шағым жасауға құқығы бар.

4. Жол жүрісіне қатысушылар осы Заңның және жол жүрісі қауіпсіздігін

камтамасыз етуге қатысты бөлігінде Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын орындауға міндетті.

### **15-бап. Көлік құралдарын жүргізу құқығын алу**

1. Көлік құралдарын жүргізу құқығы мыналарға берілуі мүмкін:  
- он алты жасқа толған адамдарға - мотоциклдер, мотороллерлер және басқа да мотокөлік құралдарын ("А" санаты) жүргізуге;

- он сегіз жасқа толған адамдарға - рұқсат етілген ең ауыр салмағы 3500 килограмнан аспайтын және жүргізушінің орнын есептемегенде, отыратын орын саны сегізден аспайтын автомобильдерді ("В" санаты), сондай-ақ рұқсат етілген ең ауыр салмағы 3500 килограмнан асатын автомобильдерді ("С" санаты) жүргізуге, бұған "Д" санатына жататындары кірмейді;

- кемінде үш жыл жүргізушілік стажы, оның ішінде кемінде бір жыл «С» санатына жататын көлік құралдарын жүргізу стажы бар, жиырма бір жасқа толған адамдарға – жүргізушінің орнын қоспағанда, сегізден астам отыратын орындары бар және жолаушылар тасымалдауға арналған автомобильдерді («Д» санаты), троллейбустар мен трамвайларды жүргізуге;

- "В", "С" немесе "Д" санаттарына жататын көлік құралдарын жүргізу құқығы бар адамдарға көлік құралдарының тиісті санаттарын жүргізу стажы он екі айдан кем болмаған жағдайда - көлік құралдарының құрамдарын ("Е" санаты) жүргізуге.

2. Көлік құралдарын жүргізу құқығы тиісті куәліктермен расталады. Қазақстан Республикасы аумағында Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары талаптарына сәйкес келетін ұлттық және халықаралық жүргізушілер куәліктері қолданылады.

3. Көлік құралдарын жүргізу құқығының куәліктері осы бапта белгіленген жасқа толған, медициналық жағынан кінәраты жоқ, көлік құралдарының тиісті санатының жүргізушілерін даярлайтын үлгі бағдарламалар көлемінде қажетті білім мен дағдысы бар және белгіленген тәртіппен емтихандар тапсырған, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты немесе уақытша тұратын адамдарға беріледі.

4. Көлік құралдарының тиісті санаттарына жүргізушілер даярлаудың үлгі бағдарламаларын және рұқсат беру тәртібін жол жүрісі қауіпсіздігі жөніндегі орталық атқарушы орган мүдделі министрліктермен, өзге де орталық атқарушы органдармен келісе отырып әзірлейді.

5. Көлік құралдарының "А" және "В" санаттарын жүргізу құқығына куәлік алу үшін азаматтардың тиісті бағдарламалар көлемінде өз бетінше даярлануына жол беріледі.

6. Адамдарды көлік құралдарын жүргізу құқығына емтихандарға жіберу, оларды тапсыру, көлік құралдарын жүргізу құқығына куәліктерді беру тәртібін

жол жүрісі қауіпсіздігі жөніндегі орталық атқарушы орган белгілейді.

Ескерту. 15-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2006.01.10. № 116 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2013.01.08 № 64-V (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **16-бап. Көлік құралдарын жүргізу құқығының күшін тоқтату негіздемелері**

1. Көлік құралдарын жүргізу құқығының тоқтатылуына:

- 1) жүргізуші куәлігінің белгіленген қолданылу мерзімінің бітуі;
- 2) жүргізуші денсаулығының көлік құралдарын қауіпсіз жүргізуге кедергі келтіретіндей нашарлап, оның медициналық қорытындымен расталуы негіздемелер болып табылады.

Көрінеу психикалық бұзылулар мен мінез-құлықтың бұзылуы, көру органы дамуының кемістігі, көру функциясын бұзатын жаңадан пайда болған қатерсіз ісіктер, органның туа біткен кемістігі немесе органның бүлінген органның қызметін бұзатын оның бір бөлігінен жүре келе айырылу, олардың көлік құралдарын толыққанды жүргізуге кедергі келтіруі көлік құралдарын жүргізуге жарамдылықты растау үшін медициналық куәландыруға жіберуге негіздемелер болып табылады;

- 3) жүргізушінің жол жүрісі ережелерін білуін тексеруге жіберу туралы қаулыны алған күннен бастап екі ай ішінде жол жүрісі ережелерін білуін тексеруге арналған емтиханды тапсырмауы;

- 4) көлік құралдарын жүргізу құқығынан айыру негіздеме болып табылады.

Осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында көзделген негіздемелер бойынша көлік құралдарын жүргізу құқығының тоқтатылуы уәкілетті органның (лауазымды адамның) талап арызы бойынша, азаматтық іс жүргізу заңнамасында көзделген тәртіппен сот шешімі бойынша жүзеге асырылады.

Көлік құралын жүргізу құқығы тоқтатылған кезде осы құқық:

осы тармақтың 1) тармақшасында көзделген негіздеме бойынша - жол жүрісі ережелерін білуін тексеруге арналған емтихан тапсырғаннан және медициналық тексеруден өткеннен кейін;

осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген негіздеме бойынша - егер көлік құралдарын жүргізу құқығын тоқтатудың себептері жойылатын болса, сот шешімі бойынша;

осы тармақтың 3) тармақшасында көзделген негіздеме бойынша - осы Заңның 15-бабында белгіленген тәртіппен;

осы тармақтың 4) тармақшасында көзделген негіздеме бойынша - емтихан тапсырғаннан және көлік құралын басқару құқығынан айыру мерзімі

аяқталғаннан кейін қайта қалпына келтіріледі.

2. Жауапкершілік шаралары ретінде көлік құралдарын жүргізу құқығынан айыруға не сондай құқықты шектеуге әкеп соғатын құқық бұзушылық түрлері Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.

**Ескерту. 16-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2008.07.04 № 55-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.**

### **17-бап. Жол жүрісі қауіпсіздігін медициналық қамтамасыз ету**

1. Жол жүрісі қауіпсіздігін медициналық қамтамасыз ету:

- көлік құралдарын жүргізу құқығына куәлік алуға үміткер азаматтар мен жүргізушілерді міндетті түрде медициналық куәландыруды;
- жүргізушілерді сапарға шығар алдында және ағымдағы медициналық бақылауды өткізуді;
- жол-көлік оқиғаларында зардап шеккендерге медициналық көмек көрсетуді;
- жол жүрісіне қатысушыларды, жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ететін органдардың лауазымды адамдарын, сондай-ақ азаматтарды жол-көлік оқиғаларында зардап шеккендерге дәрігер келгенге дейін көмек көрсету тәсілдерін үйретуді қамтиды.

1-1. Жол жүрісі қауіпсіздігін медициналық қамтамасыз ету жөніндегі қызметті үйлестіруді денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

2. Жол-көлік оқиғаларында зардап шеккендерге медициналық көмек:

- жол-көлік оқиғасы болған жерде дәрігер келгенге дейін көмек көрсетуді;
- жол-көлік оқиғасы болған жерде, медицина ұйымына бара жатқан жолда және медицина ұйымында медициналық көмек көрсетуді қамтиды.

3. Адамдардың көлік құралдарын жүргізуіне тыйым салуға негіз болатын медициналық кінәраттардың тізбесін, медициналық куәландыру, тексеру тәртібін және олардың мерзімділігін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

**Ескерту. 17-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.**

### **18-бап. Көлік құралдарын пайдалану кезінде жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жалпы талаптар**

1. Шығарылған көлік құралдарының конструкциясы, оның ішінде олардың құрамдас бөліктерінің, қосымша жабдықтау заттарының, қосалқы бөлшектері мен керек-жарақтарының конструкциясы жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жататын бөлігінде техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға сай болуға тиіс.

2. Көлік құралдары, олардың құрамдас бөліктері, қосымша жабдықтау

заттары, қосалқы бөлшектері мен керек-жарақтары жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жататын бөлігінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сәйкестігі расталуға тиіс.

3. Механикалық көлік құралдарының және тіркемелердің жекелеген түрлерінің жалпы пайдаланудағы жолдармен жол жүрісіне қатысуына рұқсат беруді жол жүрісі қауіпсіздігі жөніндегі орталық атқарушы орган тиісті құжаттар мен мемлекеттік тіркеу нөмір белгілерін бере отырып, мемлекеттік тіркеу, оларды пайдаланушы, оның ішінде сенімхат бойынша пайдаланушы адамдарды тіркеу мен есепке алу, оларды жүргізу құқығына емтихан қабылдау мен куәлік беру арқылы жүзеге асырады.

Механикалық көлік құралдары мен тіркемелерді мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен көлік құралдарын мемлекеттік тіркегені үшін алым алынады.

Жүргізуші куәліктерін, механикалық көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктерді, мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерін беру үшін Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген тәртіппен мемлекеттік баж алынады.

Жеке тұлғалардың көлік құралдарын тіркеу, қайта тіркеу: салық төлеушілер үшін - Салық кодексінде белгіленген тәртіппен көлік құралдары салығын төлегенін;

Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес салық төлеушілер болып табылмайтын тұлғалар үшін салық төлеуден босату құқығын растайтын құжаттарды бергеннен кейін жүргізіледі.

Механикалық көлік құралы мен тіркеменің техникалық регламенттерде белгіленген қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін растау саласындағы құжаты болмаса, оны мемлекеттік тіркеуге тыйым салынады.

Механикалық көлік құралдары мен тіркемелердің мынадай түрлері мемлекеттік тіркелуге жатады:

1) жеңіл, жүк автомобильдері және олардың базасында жасалған арнайы автомобильдерді қоса алғанда, автобустар, троллейбустар;

2) мотоциклдер және мотороллерлер;

3) автомобильдердің құрамында жүруге арналған тіркемелер;

4) алып тасталды - 2006.01.10. № 116 Заңымен.

5) басқа мемлекеттерде тіркелген және Қазақстан Республикасының аумағына екі айдан артық мерзімге әкелінген жеңіл, жүк автомобильдері және олардың шассилерінде жасалған арнайы автомобильдерді қоса алғанда, автобустар, троллейбустар, мотоциклдер мен мотороллерлер, автомобильдердің құрамында жүруге арналған тіркемелер.

Механикалық көлік құралдары мен тіркемелердің мынадай түрлері



мемлекеттік

тіркелуге

жатпайды:

1) жабық аумақтарда технологиялық көлік ретінде пайдаланылатын автомобильдер мен тракторлар, олардың базасында жасалған арнайы автомобильдер мен тракторларды, өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, тіркемелерді қоса алғанда;

2) алып тасталды - ҚР 04.07.2013 № 132-V Заңымен (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі);

3) алып тасталды - ҚР 04.07.2013 № 132-V Заңымен (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі);

4) басқа мемлекеттерде тіркелген және Қазақстан Республикасының аумағына екі айдан аз мерзімге әкелінген жеңіл, жүк автомобильдері мен автобустар, олардың шассилерінде жасалған арнайы автомобильдерді қоса алғанда; мотоциклдер мен мотороллерлер, автомобильдердің құрамында жүруге арналған тіркемелер.

4. Тіркелген көлік құралдарының конструкциясына, соның ішінде оның жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге әсер ететін құрамдас бөліктерінің, қосымша жабдықтау заттарының, қосалқы бөлшектердің және керек-жарақтарының конструкциясына өзгерістер енгізілгеннен кейін Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен сәйкестікті қайта растауды өткізу қажет.

5. Жол қозғалысына қатысатын көлік құралдарының конструкциясы, техникалық жай-күйі және жабдықтары жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты мынадай негізгі талаптарға:

1) көлік құралында жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ететін тежегіш жүйе, рульдік басқару, артқы жағын шолу айнасы, дыбыс сигналы, шассилер, жарық беру аспаптары болуына;

2) көлік құралдарын қауіпсіз басқаруға мүмкіндік беретін шолу мен көрудің жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етілуіне;

3) адам өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға зиян келтіру қаупін болғызбайтын қосымша жабдық тетіктері, заттары және көлік құралының бейімделген құрылғылары болуына;

4) жол-көлік оқиғасы болған жағдайда жолаушылар және жол қозғалысының басқа да қатысушылары үшін қауіпсіздікті бәсеңдетуді қамтамасыз етуге сәйкес келуге тиіс.

6. Көлік құралдарын пайдалану кезінде олардан қоршаған ортаға бөлінетін шығарындылар қоршаған ортаны қорғау саласындағы техникалық регламенттерде белгіленген жол берілетін деңгейден аспауға тиіс.

7. Көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу көлік құралдарын және олардың тіркемелерін мемлекеттік тіркеудің бірыңғай ақпараттық жүйесінде жүргізіледі.

Ескерту. 18-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2001.12.24 № 276, 2003.06.10 № 433, 2004.12.20 № 13 (2005.01.01 бастап күшіне енеді), 2006.01.10 № 116 (2006.01.01 бастап күшіне енеді), 2006.12.29 № 209, 2008.12.10 № 101-IV (2009.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.11.16 № 200-IV (2010.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.01.24 № 399-IV (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2013.01.08 № 64-V (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 132-V (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **18-1-бап. Техникалық байқау операторларының тізілімі**

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР 2012.04.27 № 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті орган техникалық байқау операторларының тізілімін жүргізеді, оның мерзімді баспасөз басылымдарында қазақ және орыс тілдерінде жариялануын жүзеге асырады және оны өзінің интернет-ресурсында орналастырады.

Тізілімді жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

Техникалық байқау операторы механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық байқаудан өткізу жөніндегі қызметті көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті орган техникалық байқау операторларының тізіліміне енгізген күннен бастап жүзеге асырады.

2. Техникалық байқау операторларының тізіліміне енгізу мақсатында көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті органға мынадай құжаттар:

1 ) ө т і н і ш ;

2) заңды тұлға үшін – заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы а н ы қ т а м а ;

3) дара кәсіпкер үшін - жеке басын куәландыратын құжаттың және дара кәсіпкер ретінде тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу жүргізілгені туралы мөртабан қойылған, техникалық байқау операторының жылжымайтын мүлікке меншік немесе оны иелену және пайдалану құқығын растайтын құжаттардың нотариат куәландырған көшірмелері ;

5) алып тасталды - ҚР 2012.04.27 № 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

6) сынақ жабдығын аттестаттау және өлшем құралдарын салыстырып тексеру сертификаттарының көшірмелері;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысан бойынша сынақ жабдықтары мен өлшем құралдары туралы ақпарат ұсынылады.

3. Көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті орган өтінішті оған қоса

беріліп отырған құжаттармен бірге ол берілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарайды, оның қорытындысы бойынша өтініш берушіге тізілімге енгізу туралы жазбаша хабарлама немесе дәлелді бас тарту жіберіледі.

4. Техникалық байқау операторларының тізіліміне енгізуден бас тарту үшін:

1) осы баптың 2-тармағына сәйкес талап етілетін құжаттарды ұсынбау;

2) ұсынылған құжаттардағы мәліметтердің дәйексіздігі;

3) осы баптың 5-тармағының 3), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша өтініш берілген күнге дейін алты айдың ішінде техникалық байқау операторларының тізілімінен шығару негіз болып табылады.

5. Техникалық байқау операторларының тізілімінен шығару үшін:

1) дара кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның техникалық байқау операторларының тізілімінен өз еркімен шығару туралы өтініші;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дара кәсіпкер қызметінің тоқтатылуы немесе заңды тұлғаның таратылуы;

3) техникалық байқау операторларының тізіліміне енгізу кезінде көрінеу б ұ р ы с а қ п а р а т ұ с ы н у ;

4) механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті техникалық байқаудан өткізу және жөндеу, оларға техникалық қызметтер көрсету бойынша көрсетілетін қызметтерді қоса атқару;

5) механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті техникалық байқауды жүзеге асыру саласында әкімшілік құқық бұзушылықты бір жыл ішінде қайталап жасау негіз болып табылады.

Техникалық байқау операторларының тізілімінен шығару туралы хабарлама көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті орган тиісті шешім қабылдағаннан кейін үш жұмыс күні ішінде дара кәсіпкерге немесе заңды т ұ л ғ а ғ а ж і б е р і л е д і .

Ескерту. Заң 18-1-баппен толықтырылды - ҚР 2011.01.24 № 399-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.04.27 № 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.12.24 № 60-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **19-бап. Механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті техникалық байқаудан өткізу**

1. Қазақстан Республикасының аумағында пайдаланылып жүрген және жол жүрісі қауіпсіздігі жөніндегі атқарушы орталық органда тіркелген механикалық көлік құралдары және олардың тіркемелері міндетті техникалық байқаудан ө т к і з і л у г е ж а т а д ы .

Міндетті техникалық байқау механикалық көлік құралдарының және олардың

тіркемелерінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеруді қамтиды.

2. Көлік құралының тіркелген жеріне және көлік құралы иесінің тұратын жеріне қарамастан, көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті орган техникалық байқау операторларының тізіліміне енгізген техникалық байқау операторлары міндетті техникалық байқауды жүргізеді.

Техникалық байқау операторлары жария шарт негізінде қызметтер көрсетеді.

3. Механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті техникалық байқаудан өткізу және жөндеу, оларға техникалық қызметтер көрсету бойынша көрсетілетін қызметтерді қоса атқаруға жол берілмейді.

Техникалық байқау операторының аумағында механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін жөндеу және оларға техникалық қызметтер көрсету бойынша қызметтер көрсетуге жол берілмейді.

4. Техникалық байқау операторы:

1) астанада, республикалық және облыстық маңызы бар қалаларда техникалық байқау орталығы ашылған кезде техникалық байқаудың стационарлық және ұтқыр желілерін пайдалана отырып, міндетті техникалық байқаудан өткізуді жүзеге асырады;

2) көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті орган айқындаған қызмет өңірі шегінде міндетті техникалық байқау өткізуді қамтамасыз етеді;

3) қызмет өңірінде міндетті техникалық байқау өткізудің кестесі туралы х а л ы қ т ы х а б а р д а р е т е д і ;

4) аудандардың әкімшілік орталықтарында, ауылдық округтерде және аудандық маңызы бар қалаларда техникалық байқау орталығы ашылған кезде техникалық байқаудың стационарлық және (немесе) ұтқыр желілерін пайдалана отырып, міндетті техникалық байқаудан өткізуді жүзеге асырады.

Қызмет өңірін айқындау тәртібін көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

5. Міндетті техникалық байқауды өткізу екі кезеңді: дайындық және негізгі к е з е ң д е р д і қ а м т и д ы .

Міндетті техникалық байқау өткізудің дайындық кезеңі барысында көлік құралын сәйкестендіру және оны сәйкестендіру нәтижелерінің тіркеу және өзге де құжаттардағы деректерге сәйкестігіне тексеру жүргізіледі.

Міндетті техникалық байқау өткізудің негізгі кезеңі барысында көлік құралының техникалық жай-күйінің Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасында белгіленген қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін анықтау жөнінде жұмыстар (тексеру) орындалады.

6. Міндетті техникалық байқаудан өткізу үшін механикалық көлік құралы мен оның тіркемелерінің иесі техникалық байқау операторына мынадай

қ ұ ж а т т а р д ы

ұ с ы н а д ы :

1) көлік құралын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті;  
2) жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген тәртіппен ағымдағы күнтізбелік жыл үшін көлік құралдары салығын төлегенін растайтын немесе оны төлеуден босату құқығын растайтын қ ұ ж а т т а р д ы ;

3) алып тасталды - ҚР 2012.04.27 № 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Техникалық байқау операторы ұсынылған құжаттарды механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық байқаудың бірыңғай ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

7. Механикалық көлік құралын және оның тіркемелерін міндетті техникалық байқаудан өткізу нәтижелері бойынша техникалық байқаудың диагностикалық картасы жасалады, оның негізінде қолданылу мерзімі көрсетіле отырып міндетті техникалық байқаудан өткені туралы куәлік беріледі.

8. Егер міндетті техникалық байқау өткізудің нәтижелері бойынша механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін пайдалануға тыйым салатын ақаулықтар және жағдайлар анықталған болса, міндетті техникалық байқау өткізілмеген деп танылады.

Бұл жағдайда механикалық көлік құралының және оның тіркемелерінің иесіне ақаулықтар көрсетіле отырып, механикалық көлік құралының және оның тіркемелерінің диагностикалық картасы беріледі.

9. Механикалық көлік құралын және оның тіркемелерін пайдалануға тыйым салынатын анықталған ақаулықтар мен жағдайлар жойылғаннан кейін механикалық көлік құралының және оның тіркемелерінің иесі оны қайтадан міндетті техникалық байқаудан өткізу үшін ұсынады.

Механикалық көлік құралын және оның тіркемелерін қайтадан байқаудан өткізу бірінші міндетті техникалық байқаудан өткізілген техникалық байқау орталығында не өзге техникалық байқау орталығында жүргізіледі.

Бірінші міндетті техникалық байқау өткізілген орталықта механикалық көлік құралын және оның тіркемелерін қайтадан техникалық байқаудан өткізу кезінде техникалық байқау белгіленген критерийлерге сай болмаған және диагностикалық картада көрсетілген позициялар ғана бойынша жүргізіледі. Бұл жағдайда төлем қайтадан тексерілетін позицияларды тексеру үшін ғана алынады.

Міндетті техникалық байқауды өткізу кезінде ақаулықтар анықталғаннан кейін механикалық көлік құралын және оның тіркемелерін міндетті техникалық байқауға қайтадан әкелудің ең ұзақ мерзімі күнтізбелік он күнді құрайды.

10. Механикалық көлік құралының және оның тіркемелерінің иесі механикалық көлік құралын және оның тіркемелерін пайдалануға тыйым

салынатын анықталған ақаулықтар мен жағдайларды жою жөніндегі жұмыстар орындалатын жерді және орындаушыны дербес айқындайды.

Ескерту. 19-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.01.24 № 399-IV (ҚР 2011.01.24 N 399-IV Заңының 2-бабын қараңыз) Заңымен, өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.04.27 № 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен; 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **19-1-бап. Халықаралық техникалық байқау сертификатын беру**

1. Халықаралық техникалық байқау сертификатын алу үшін механикалық көлік құралының және оның тіркемелерінің иесі жергілікті атқарушы органға өтініш береді және оған мынадай құжаттарды:

1) халықаралық техникалық байқау сертификатын беру үшін мемлекеттік баж төлегені туралы түбіртек ті;

2) жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген тәртіппен ағымдағы күнтізбелік жылға көлік құралы салығын төлегенін немесе оны төлеуден босату құқығын растайтын құжаттарды;

3) мемлекеттік немесе міндетті техникалық байқаудан өткені туралы куәліктің көшірмесін қоса береді.

2. Жергілікті атқарушы орган құжаттарымен қоса өтініш берілген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде механикалық көлік құралының және оның тіркемелерінің иесіне халықаралық техникалық байқау сертификатын б е р е д і .

3. Осы баптың 1-тармағында санамаланған құжаттар болмаған жағдайда, жергілікті атқарушы орган өтініш берілген күннен бастап бір жұмыс күні ішінде механикалық көлік құралының және оның тіркемелерінің иесіне бас тарту себептерін көрсете отырып, халықаралық техникалық байқау сертификатын беруден жазбаша түрде дәлелді бас тартуды ж і б е р е д і .

4. Халықаралық техникалық байқау сертификаты Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес беріледі.

5. Халықаралық техникалық байқау сертификаты жоғалған немесе бүлінген кезде көлік құралы иесінің халықаралық техникалық байқау сертификатының телнұсқасын алуға құқығы бар.

Халықаралық техникалық байқау сертификатының телнұсқасын алу үшін көлік құралының иесі жергілікті атқарушы органға

өтініш береді және халықаралық техникалық байқау сертификатының телнұсқасын беру үшін мемлекеттік баж төлегені туралы түбіртекте ұсынады.

Халықаралық техникалық байқау сертификатының жоғалған немесе бүлінген бланкісі жергілікті атқарушы органға оның жоғалғаны немесе бүлінгені туралы өтініш берілген күннен бастап жарамсыз деп танылады.

6. Жергілікті атқарушы орган өтініш берілген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде жаңа нөмір бере отырып және үстіңгі оң жақ бұрышында «Телнұсқа» деген жазбасы бар халықаралық техникалық байқау сертификатының телнұсқасын береді.

7. Көлік құралының иесі халықаралық техникалық байқау сертификатының телнұсқасын беру үшін мемлекеттік баж төлегені туралы түбіртекте ұсынбай өтініш берген жағдайда, жергілікті атқарушы орган осы баптың 6-тармағында көрсетілген мерзімде халықаралық техникалық байқау сертификатының телнұсқасын беруден жазбаша нысанда бас тартады.

8. Халықаралық техникалық байқау сертификаты міндетті немесе мемлекеттік техникалық байқаудан өткені туралы куәлікте көрсетілген мерзімге сәйкес келетін мерзімге беріледі.

Ескерту. Заң 19-1-баппен толықтырылды - ҚР 2011.01.24 № 399-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; жаңа редакцияда - ҚР 13.06.2013 № 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

### **19-2-бап. Міндетті техникалық байқаудан өткізу тәртібінің сақталуын мемлекеттік бақылау**

1. Техникалық байқау операторларының механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық байқаудан өткізу тәртібін сақтауына мемлекеттік бақылау тексеру нысанында жүзеге асырылады.

2. Тексеру «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. Заң 19-2-баппен толықтырылды - ҚР 2011.01.24 № 399-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.04.27 № 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

### **19-3-бап. Техникалық байқау операторларының құқықтары мен міндеттері**

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР 2012.04.27 № 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Техникалық байқау операторларының механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелері белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, міндетті техникалық байқаудан өткені туралы куәлік беруден бас тартуға құқығы бар.

2. Техникалық байқау операторлары:

1) қолданылатын өндірістік үй-жайдың, жабдықтың, материалдық ресурстардың және оларды пайдалану шарттарының белгіленген техникалық талаптарға, сондай-ақ метрологиялық нормалар мен қағидаларға сәйкестігін қ а м т а м а с ы з е т у г е ;

2) міндетті техникалық байқауды өткізуге біліктілігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келетін қ ы з м е т к е р л е р д і ж і б е р у г е ;

3) міндетті техникалық байқауды өткізу кезіндегі жұмыстарды орындау процесінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды с а қ т а у ғ а ;

4) көлік құралдары иелерінің өтініші бойынша механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті техникалық байқаудан өткізу кезінде орындалатын жұмыстарға қатысты өзге де мәліметтерді хабарлауға;

5) механикалық көлік құралдарының және олардың тіркемелерінің міндетті техникалық байқау куәліктері бланкілерінің жұмсалуын есепке алуды жүзеге а с ы р у ғ а ;

6) байқаудан өткізілген механикалық көлік құралдарының және олардың тіркемелерінің техникалық жай-күйі туралы мәліметтердің электронды түрде есепке а л ы н у ы н ж ү з е г е а с ы р у ғ а ;

7) көлік құралының мемлекеттік тіркеу туралы куәлігіндегі деректерге сәйкес келмейтін нөмірлік агрегаттардың (қозғалтқыш, шасси, шанақ) ауыстырылуы, көлік құралдарын мемлекеттік нөмір белгілерінсіз не көлік құралын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікте көрсетілген белгілерге сәйкес келмейтін белгілермен техникалық байқауға ұсыну фактілері туралы ішкі істер органдарын хабардар е т у г е ;

8) міндетті техникалық байқаудың нәтижелері бойынша механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті техникалық байқаудың бірыңғай а қ п а р а т т ы қ ж ү й е с і н е м ә л і м е т т е р ұ с ы н у ғ а ;

9) көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті органға техникалық байқау орталығының орналасқан жерінің өзгергені туралы күнтізбелік бес күн і ш і н д е х а б а р л а у ғ а ;

10) жергілікті атқарушы органдардың келісуімен қызмет өңірі шегінде



міндетті техникалық байқаудан өткізу кестесін жасауға;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де талаптарды сақтауға міндетті.

3. Техникалық байқау операторларына:

1) жол жүрісі саласындағы орталық уәкілетті органның келісімінсіз, көлік құралын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің деректеріне сәйкес келмейтін нөмірлік агрегаттары (қозғалтқыш, шасси, шанақ) ауыстырылған көлік құралдарын міндетті техникалық байқаудан өткізуге, көлік құралдарын мемлекеттік нөмір белгілерінсіз не көлік құралының мемлекеттік тіркеу туралы куәлігінде көрсетілген белгілерге сәйкес келмейтін белгілермен техникалық байқауға ұсынуға;

2) механикалық көлік құралының және оның тіркемелерінің иесіне міндетті техникалық байқау өткізуден бас тартуға немесе техникалық байқаудың диагностикалық картасын жасамай міндетті техникалық байқаудан өткені туралы куәлікті беруге;

3) міндетті техникалық байқаудан өткізу мерзімінің бұзылуына байланысты міндетті техникалық байқауды өткізу шарттарын өзгертуге;

4) механикалық көлік құралының және оның тіркемелерінің иесінен міндетті техникалық байқауды өткізуге байланысты қосымша сыйақы талап етуге тыйым салынады.

Ескерту. Заң 19-3-баппен толықтырылды - ҚР 2011.01.24 № 399-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.04.27 № 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 13.06.2013 № 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**19-4-бап. Механикалық көлік құралдарының және олардың тіркемелерінің жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және мемлекеттік техникалық байқаудан өткізу**

Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және мемлекеттік техникалық байқаудан өткізу Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. Заң 19-4-баппен толықтырылды - ҚР 2011.01.24 № 399-IV (алғашқы

ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**20-бап. Көлік құралдарына техникалық қызмет көрсету мен оларды жөндеу кезінде жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі негізгі талаптар**

1. Көлік құралдарына техникалық қызмет көрсету мен оларды жөндеу нормативтерін көлік құралдарын шығарған зауыттар олардың пайдаланылу жағдайларын ескере отырып белгілейді.

2. Техникалық қызмет көрсетіліп, жөндеуден өткізілген көлік құралдары Жол жүрісі ережелерінің және жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты басқа да нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес келуге тиіс.

**Ескерту. 20-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.12.29. № 209 Заңымен.**

**21-бап. Көлік құралдарын пайдалануға тыйым салудың негіздемелері мен тәртібі**

1. Көлік құралдарын пайдалануға мынадай жағдайларда:

- көлік құралдарының конструкциясы осы Заңның талаптарына және техникалық регламенттерге сәйкес келмесе;

- жол жүрісі қауіпсіздігіне және қоршаған ортаға қатер төндіретін техникалық ақаулары болса;

- көлік құралына орнатылған тораптар мен агрегаттардың нөмірі көлік құралындағы тіркеу құжаттарына енгізілген деректерге сәйкес келмесе;

- тіркеу құжаттары және мемлекеттік немесе міндетті техникалық байқаудан өткізілгені туралы құжаты болмаса;

- мемлекеттік тіркеу нөмірінің белгілері болмаса немесе олар белгіленген талаптар мен тіркеу құжаттарына сәйкес келмесе;

- көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты және (немесе) тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты болмаса;

- Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген басқа да жағдайларда тыйым салынады.

2. Көлік құралын пайдалануға тыйым салуды ондай тыйым салуға негіз болған себептер жойылғанға дейін оған уәкілдік берілген лауазымды адамдар жүзеге асырады.

3. Көлік құралдарын пайдалануға тыйым салу тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.

**Ескерту. 21-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2003.05.08 № 414, 2006.12.29 № 209, 2011.01.10 № 383-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.01.24 № 399-IV (алғашқы ресми**

жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

## **22-бап. Жол жүрісін ұйымдастыру жөніндегі шаралар**

1. Жол жүрісін ұйымдастыру жөніндегі іс-шараларды оның қауіпсіздігі мен жолдардың өткізу қабілетін арттыру мақсатында көлік және коммуникация саласындағы орган, қарамағында автомобиль жолдары бар жергілікті атқарушы органдар, жеке және заңды тұлғалар, сондай-ақ жол жүрісі қауіпсіздігі жөніндегі орталық атқарушы органның аумақтық бөлімшелері жүзеге асырады.

2. Аталған шараларды әзірлеу мен өткізу Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіп бойынша бекітілетін жобалар, схемалар және өзге де құжаттар негізінде нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 22-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2004.12.20. № 13 (2005.01.01 бастап күшіне енеді), 2011.01.24 № 399-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

## **23-бап. Жол жүрісін ұйымдастыру процесінде оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі негізгі**

### **талаптар**

1. Жол жүрісін ұйымдастыру жөніндегі қызмет техникалық регламенттермен реттелген және жол жүрісін ұйымдастырудың жобалары мен схемаларында көзделген техникалық құралдар мен конструкцияларды кешенді пайдалану негізінде қауіпсіздік талаптарына сәйкес жүзеге асырылуға тиіс.

2. Жол жүрісі қауіпсіздігіне нақты қатер төнген реттерде көлік құралдары мен жүргіншілердің жүріп-тұруын ұйымдастыруға өзгерісті соған уәкілдік берілген лауазымды адамдар ғана белгіленген тәртіппен жүзеге асыруға тиіс.

Ескерту. 23-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.12.29. № 209 Заңымен.

## **24-бап. Жолдарды жобалау, салу, қайта жаңарту, жөндеу, күту және басқару кезінде жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі**

### **негізгі талаптар**

1. Қазақстан Республикасының аумағында жолдарды жобалау, салу, қайта жаңарту, жөндеу, күту және басқару техникалық регламенттерде белгіленген қауіпсіздік талаптары негізінде және соларды сақтай отырып орындалуға тиіс.

Жолдарды жобалау, салу және қайта жаңарту кезінде жол жүрісі қауіпсіздігіне теріс әсер ететін инженерлік шешімдер есебінен күрделі шығындарды азайтуға жол берілмейді.

2. Жолдарды жобалаудың, салудың, жөндеудің, күту мен басқарудың нормативтік, жобалық және техникалық құжаттамасы жол жүрісі қауіпсіздігін

қамтамасыз ету бөлігінде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен келісілуге және бекітілуге тиіс.

3. Салынған, қайта жаңартылған және жөнделген жолдардың жол жүрісінің техникалық регламенттерінде белгіленген талаптарға сәйкестігі жолдарды қабылдап алу актісімен куәландырылады. Жолдарды қабылдап алу актісін белгіленген тәртіппен өткізілген тексеріп қарау, зерттеулер мен сынақтан өткізу нәтижелері негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілдік берген орган тағайындайтын комиссия береді.

Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігінде жолдардың жай-күйінің белгіленген талаптарға сай болуы үшін жауапкершілік жобалау кезеңінде жобаны орындаушыға, ал қайта жаңарту және салу кезеңдерінде жұмыстарды орындаушыға жүктеледі.

4. Пайдалану процесінде жолдардың жай-күйі техникалық регламенттерге сәйкес келуін қамтамасыз ету жөніндегі міндет жолды иеленуші (қарамағындағы) заңды және жеке тұлғаларға жүктеледі.

**Ескерту. 24-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.10. № 116 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2006.12.29. № 209 Заңдарымен.**

#### **25-бап. Жолдағы жүрісті шектеу немесе тоқтату**

1. Көлік құралдарының жолдарымен жүруі дүлей зілзала, жолдағы климат жағдайлары қолайсыз болған, бұқаралық шаралар өткізілген реттерде және жол жүрісі қауіпсіздігіне қатер төндіретін басқа да реттерде уақытша шектеледі немесе оған тыйым салынады.

2. Көлік құралдарының жолдармен жүруін тоқтату немесе уақытша шектеу негіздері мен тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

### **4 тарау**

#### **Қорытынды ережелер**

#### **26-бап. Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуді мемлекеттік қадағалау мен бақылау**

**Ескерту. 26-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2006.01.10. № 116 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.**

#### **27-бап. Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы заңдарды бұзғандық үшін жауапкершілік**

Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы заңдардың бұзылуына кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

#### **28-бап. Халықаралық шарттар**

Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта жол жүрісі қауіпсіздігі туралы Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленгеннен өзгеше ережелер белгіленген болса, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК